

## «О.Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ-де «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпарат

2025-2026 оқу жылы

19. 07.2025 мектептегі «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы өтіп, 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстың есебі тыңдалып, «Мектепке жол» республикалық акциясын өткізу туралы жұмыстар талқыланды, ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулы негізінде «Міндетті білім қорынан» бөлінетін бір реттік қаржылай көмекке күн көрісі төмен отбасыларында тәрбиеленіп жатқан 3 оқушы ұсынылды. Тамыз айында бұл оқушылар атаулы көмекті алды және «Ауылдағы ағайынның балаларына..» жобасы бойынша 1 оқушы көмек алды. (қосымша хаттама жіберілді)



Жас мамандарға «Педагогикалық әдеп қағидалары» жайлы отырыс ұйымдастырылып, «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында баяндама оқылды.




Қараша Әділдік және жауапкершілік айында "SMART BALA" жобасы аясында "Адал болу-адамдықтың белгісі" тақырыбында зияткерлік ойын өтті

Ұйымдастырғандар: Бейсенкул Кожабаетова, Динара Мустақова

<https://www.facebook.com/share/v/1D9BtvdzXc/>

"О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ-нде Қараша- Әділдік пен жауапкершілік айында "Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында "Адал азамат- Адал еңбек- Адал табыс" тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті. Адал еңбек — бұл тек өз міндеттеріңді орындау ғана емес, әрдайым ар-ұжданға сәйкес әрекет ету, басқалардың еңбегін құрметтеу және өз әрекеттерің үшін жауапкершілік алу. Мұндай көзқарас тек нәтижеге қол жеткізуге ғана емес, сонымен қатар ұжым мен қоғамда мықты қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Бұл сынып сағаты балалардың есінде адалдықтың біздің әлемдегі құндылығы туралы еске салу ретінде сақталсын! Әрқайсысын өз еңбегінен қуаныш табуға және ар-ұжданмен ымыраға келмеуге шақырамыз.

<https://www.facebook.com/share/r/17UDAXXb9i/>



Орындаған: А.А. Кутжанова